

**Мемлекетке тиесілі акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногы арқылы сатудың ережесін бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 6 қараша N 1137. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Акциялардың мемлекеттік пакеттерін бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногы арқылы сатуды жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекетке тиесілі акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногы арқылы сатудың ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.
3. Осы қаулы қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1998 жылғы  
6 қарашадағы  
N 1137 қаулысымен  
бекітілген

**ЕСКЕРТУ. Мәтіндегі сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2000.04.05. N 508 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. Мәтіндегі "Комитет", "Комитеттің" деген сөздер "Сатушы", "Сатушының" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2001.11.16. N 1455 қаулысымен.**

**Мемлекетке тиесілі акцияларды бағалы қағаздардың  
ұйымдастырылған рыногы арқылы сатудың  
ЕРЕЖЕСІ**

Осы Ереже акциялардың мемлекеттік пакеттерін сатуды жандандыру мақсатында әзірленді және мемлекетке тиесілі акцияларды (бұдан әрі - акциялар)

бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногы арқылы сатудың тәртібін реттейді.

**1. Акцияларды Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасы арқылы сатудың тәртібі<\*>**

**ЕСКЕРТУ. 1-бөлімнің тақырыбы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.16. N 1455 қаулысымен.**

1. Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған отандық рыногында сатылуға тиісті акцияларды биржалық сауда-саттыққа заңнамалық кесімдерге сәйкес республикалық немесе коммуналдық меншікті иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге уәкілеттік берілген мемлекеттік орган (бұдан әрі - Сатушы) делдал компаниялар арқылы шығарады.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.16. N 1455 қаулысымен.**

2. Акцияларды сату Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының (бұдан әрі - қор биржасы) сауда жүйелерінде Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы қолданыстағы заңнамасына және тиісті қор биржасының Биржалық сауда ережесіне сәйкес жүргізіледі.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.11.16. N 1455 қаулысымен.**

3. Акциялардың мемлекеттік пакетін қор биржасы арқылы сатуға дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мен үйлестіруді Сатушы Сатушының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың немесе олардың аумақтық бөлімшелерінің уәкілетті өкілдерінен құрған Мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) жүзеге асырады. Комиссия мүшелерінің саны кемінде 5 адамды құрауы тиіс. Комиссияның төрағасы Сатушының өкілі болып табылады. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.11.16. N 1455 , 2004.12.20. N 1333 қаулыларымен.**

4. Акцияларды қор биржасы арқылы сату туралы шешімді Комиссияның ұсынымдарын ескере отырып, Сатушы қабылдайды.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.16. N 1455 қаулысымен.**

4-1. Сату туралы хабарламаны Сатушы Қазақстан Республикасының жекешелендіру туралы заңнамасында көзделген мерзімдерде мемлекеттік және орыс тілдерінде мерзімді баспасөз басылымында жариялауы тиіс және онда мынадай мәліметтер:

- 1) сауда-саттықтың басталатын күні мен уақыты;
- 2) сауда-саттық өтетін орын;
- 3) акциялар шығарушының атауы;
- 4) шығарушы туралы мәліметтер;
- 5) сатылатын акциялардың саны;

б) Қазақстан Республикасының жекешелендіру және бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер қамтылуы тиіс.<\*>

ЕСКЕРТУ. 4-1 тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.11.16. N 1455 , 2004.12.20. N 1333 қаулыларымен.

5. Акцияларды сатудан алынған ақша заңдарда белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке жіберіледі. < \* >

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.04.05. N 508 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.16. N 1455 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.05.23. N 562 қаулысымен.

6. Сатушы пен делдал компаниялар арасындағы акцияларды сатуға байланысты туындайтын қарым-қатынастар тиісті шартпен реттеледі.

7. Бағалы қағаздардың отандық рыногында акцияларды сату құқығына брокерлік компанияны таңдауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес Сатушы жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.11.16. N 1455 қаулысымен .

8 - 1 0 . < \* >

ЕСКЕРТУ. 8-10-тармақтар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.11.16. N 1455 қаулысымен .

11. Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған отандық рыногына шығарылған акциялардың сату бағасын Комиссияның ұсынымы бойынша Сатушы белгілейді.

1 2 - 1 5 . < \* >

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.05. N 508 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1369 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 12-15-тармақтар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.11.16. N 1455 қаулысымен .

16. Комиссияның шешімдері қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

17. Комиссияның мәжілісі мәжіліс хаттамасына комиссия мүшелерінің кемінде 2/3-і қол қойған жағдайда өткізіледі деп есептеледі.

1 8 . К о м и с с и я н ы ң :

1) өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қажетті ақпаратты сұрауға және а л у ғ а ;

2) Комитетке акцияларды сатуға шығару және оларды саудаластықтан алу туралы ұсыныс жасауға құқығы бар.

19. Комиссия мынадай мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлейді:

1) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногы арқылы акцияларды сатудың ең төмен бағасын анықтау;

2) сатудың ең төмен бағасын өзгерту, сондай-ақ ең төмен баға жөніндегі ш е к т е у л е р д і ж о ю ;

3) акцияларды биржалық саудаластыққа шығарудың мерзімдері мен ұзақтығын, сатудың шекті мерзімдерін және биржалық саудаластықтан алу күнін б е л г і л е у .

2 0 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 20-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.11.16. N 1455 қаулысымен.**

### **5. Акцияларды бағалы қағаздардың халықаралық рыногы арқылы сатудың тәртібі**

21. Акцияларының мемлекеттік пакеті бағалы қағаздардың халықаралық рыногы арқылы сатылуға тиісті акционерлік қоғамдардың тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

22. Бағалы қағаздардың халықаралық рыногында акцияларды сату жөніндегі менеджерді (бұдан әрі - менеджер) таңдауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тендерлік комиссия жүзеге а с ы р а д ы . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.11.16. N 1455 қ а у л ы с ы м е н .**

23. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тендерлік комиссияның құрамына Сатушының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің және өзге де мүдделі ведомстволардың өкілдері кіреді.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 23-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.05. N 508 , 2001.10.28. N 1369 , 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.11.16. N 1455 , 2004.12.20. N 1333 қаулыларымен.**

24. Тендерлік комиссия:

1) келіп түскен өтінімдерді қарайды;

2) тендердің жеңімпаздарын анықтайды;

3) акцияларды сату жөніндегі менеджерлердің ұсынымы бойынша

акцияларды сатудың тәсілі (ашық немесе жеке) туралы шешім қабылдайды.

25. Тендердің жеңімпазы деп комиссиялық сыйақыларды және акцияларды сатуға байланысты дайындық рәсімдерін жүргізуге арналған шығыстар шегеріліп тасталған, акцияларды жинақтаудың деңгейі ескерілген, ең көп кіріс алу жөнінде мемлекетке кепілдік беретін қатысушы танылады.

26. Акцияларды сатуға байланысты шараларды жүзеге асыру үшін менеджерлер екінші деңгейдегі банктерді қаржылық консультанттар ретінде т а р т у ғ а қ ұ қ ы л ы .

27. Тендердің нәтижесі бойынша Сатушы арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен менеджерлер арасында келісімге қол қойылады. Келісімнің шарттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

2 8 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 28-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.11.16. N 1455 қаулысымен .**

29. Акциялары бағалы қағаздардың халықаралық рыногы арқылы сатылатын, мемлекет қатысатын Акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына қаржылық есептілігіне және шаруашылық әрекетіне алдын ала талдау жүргізгеннен кейін, менеджерлер акцияларды сатуға қажетті шаралардың тізбесін және көрсетілген шараларды өткізуге байланысты шығындардың есебін Сатушыға ұсынады. Мемлекет тарапынан шығындарды барынша азайту мақсатында Департамент шығыстар сметасын түзету жұмыстарын жүргізеді және шығындардың құрылымы мен ең жоғары деңгейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұ с ы н а д ы . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 29-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.05. N 508 қаулысымен.**

**ЕСКЕРТУ. 29-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.16. N 1455 қаулысымен .**

30. Менеджерлер келісімде белгіленген тұрақты негізде жүргізіліп отырған шаралар туралы Сатушыға есеп беріп отырады. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 30-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.16. N 1455 қаулысымен .**

31. Сатушы менеджерлермен және акционерлік қоғамдардың өкілдерімен бірлесе отырып акциялардың мемлекеттік пакетін сату жөніндегі қажетті шараларды өткізуді ұйымдастырады.

32. Менеджерлер мен Сатушы бір-біріне тәуелсіз бағалы қағаздар рыногына мониторинг және ондағы ахуалға және оның даму тенденциясына талдау жү р г і з е д і .

33. Менеджерлер жағдайды талдауын және менеджерлердің ұсынымдарын

ескере отырып, негізінде акцияларға жазылушылардың тізімін сатудың ұсынылып отырған бағасын көрсете отырып бергеннен кейін Департамент акцияларды сатудың басталғаны туралы шешім қабылдайды, менеджерлерге тиісті нұсқаулар береді және акцияларды сатып алу-сату келісімін жасасады.

34. Акцияларды сатудан алынған ақша заңдарда белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке жіберіледі. < \* >

ЕСКЕРТУ. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.04.05. N 508 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 34-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.16. N 1455 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 34-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.05.23. N 562 қаулысымен.